

АР-ДАК

ARDAK.KZ
АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫ

Айрықша ақпараттарыңыз болса «Ватсап» арқылы тәуліктің кез-келген уақытында мына байланыс телефоны арқылы жолдай аласыздар:
8 (778) 115-15-25
Эл.пошта: ardak.gazeta@mail.ru

№14 (896) 9 сәуір, 2021 жыл

Республикалық қоғамдық-саяси апталық газет

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: 65475

ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ БЕСЖҰЛДЫЗДЫ ҚОНАҚҮЙ ҚЫЗМЕТІНЕ ЗӘРУ МЕ?



ҚР Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» РМК Нұр-Сұлтандағы бесжұлдызды қонақүй қызметіне 1 771 500 теңге төлеген. Аікүп.кz министрліктің бесжұлдызды қонақүйде қандай қызмет жалағанын тексеріп көрді. Мемлекеттік сатып алу сайтынан байқағанымыздай, Қорғаныс министрлігі 2018 жылдан бері The Ritz-Carlton Astana қонақүйінің тұрақты клиентіне айналған.

11 наурызда ҚР Қорғаныс министрлігі «65235 әскери

бөлімі» Astana Hotel Management ЖШС-мен бір көзден сатып алу тәсілімен тікелей келісімшартқа отырған. Бұл компания Достық 16 мекенжайында орналасқан. Ол жерде The Ritz-Carlton Astana қонақүйі бар. Министрліктің ғимараты да соның жанында орналасқан.

Бесжұлдызды қонақүй қызметінің ақысы республикалық бюджет есебінен төленген.

Келісімшартта бұл қаржының ҚР Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру

дайындығын қамтамасыз ету бюджеттік бағдарламасын және ҚР Қарулы Күштерінің жауынгерлік әзірлігін арттыру кіші бағдарламасын жүзеге асыруға жұмсалатыны жазылған.

Сонымен бесжұлдызды қонақүй барлығы 1,7 миллион теңгеге қандай қызмет көрсетті:

Аумағы 100-115 м.ш өкілдік люкс бөлмені 2,5 тәулікке жалдауға 575 мың теңге төленген.

Аумағы 42 м.ш делюкс бөлмені 7,5 тәулікке жалдауға 712 мың теңге төленген.

Келісімшарт бойынша үшмезгіл ас берілуі керек. Техникалық сипаттамасында «жоғары дәрежеде» ас дайындалуы керек екені жазылған. Төмендегі құжаттан бір адамға арналған ас мәзірін көруге болады. Оған бюджеттен 104 мың теңге бөлінген.

Сонымен бірге «жоғары деңгейде» кофе-брейк өткізілген. Оған бюджеттен 40 мың теңге бөлінген.

Сол қонақүйден 340 мың теңгеге аумағы 500 ш.м зал жалға алынған. Техникалық сипаттамасында залда дыбыс шығаратын жабдықтар, микрофон, бағана, проектор экран

және кенсе жабдықтары болуы керек екені жазылған.

Сатып алу құжаттарына ҚР Қорғаныс министрлігі Протокол басқармасы протоколдық қамтамасыз ету бөлімінің бастығы, подполковник Н. Есенжолов қол қойған.

Айта кетейік, Қорғаныс министрлігінің өкілдері 2019 жылы да дәл осы қонақүйде 9,7 миллион теңгеге республикалық бюджет есебінен «жоғары деңгейде» түскі және кешкі ас ішкен. Онда да тікелей келісімшарт арқылы бір көзден сатып алу жасалған.

Қызметтік техникалық сипаттамасында «жоғары деңгейдегі» ас дайындалуы керек екені

жазылған.

2019 жылы Қорғаныс министрлігі «65235 әскери бөлімі» Astana Hotel Management ЖШС-мен бірнеше рет бір көзден сатып алу тәсілімен тікелей келісімшартқа отырған.

Солардың бірі – күндізгі жарықпен келіссөз өткізуге арналған залды (1,5 млн), аумағы 260 ш.м күндізгі жарық түскен конференц-залды (8,7 млн.) және аумағы 1000 ш.м болатын екі үлкен залды (36,5 млн., 5,4 млн.) жалға алуға барлығы 52,1 миллион теңге жұмсалған.

Мейірім БАҚЫТЖАНОВА



«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ БАЙ 7 АДАМ» –

FORBES 2021 ЖЫЛҒЫ РЕЙТИНГТІ ЖАРИЯЛАДЫ



Америкалық Forbes әлемдегі ең бай адамдардың жаңа тізімін жариялады. Forbes 2021 тізіміне алғаш рет Kaspi.kz құрылтайшылары Вячеслав Ким мен Михаил Ломтадзе және Freedom Finance иесі Тимур Турлов енді.

1. Тізімде қазақстандықтар арасында бірінші тұрған – 4,6 млрд. доллары бар Владимир Ким. Ол 622-орында тұр. Оның байлығы былтырдан бері 3,7 миллиард доллардан 900 миллион долларға дейін өскен. Владимир Ким KAZ Minerals PLC тобының мажоритарлық және атқарушы емес директоры, Kazakhmys Holding президенті, «Корпорация Казахмыс» ЖШС акциясының 70%-ына иелік етеді. Сонымен бірге Bank RBK АҚ-да, «Таң» телерадиокомпаниясында, Astronet ЖШС және Central Asian Assistance компанияларында үлесі бар.

2. Ең бай қазақстандықтар рейтингінде екінші, ал әлемдік

тізімде 891-орынды Болат Өтемұратов иеленді. Оның капиталы бір жылда 700 млн. долларға көбейді, яғни 2,7 млрд.-тан 3,4 млрд. долларға дейін өсті. Былтыр ең бай қазақстандықтар рейтингінде төртінші орында болды. Ол ForteBank АҚ акциясының 87,27%-ына иелік етеді.

Сонымен бірге ол Glencore Plc трансұлттық компаниясының 1,16% акциясына ие. «КаР-Тел» ЖШС (25%), Sky Mobile (49,9) (Қазақстан мен Қырғызстандағы «Билайн» байланыс операторлары), алтын өндіретін RG Gold компаниясында (65%), Нұр-Сұлтан, Вена және Мәскеудегі Ritz-Carlton қонақүйлері, Ақмола облысындағы Rixos Bogovoe қонақ үйлері (100%), Қазақстандағы Burger King фастфуд франшизасы, девелоперлік Global Development, әуежайдағы үлесі және «Сарыарқа» ақпараттық-сараптамалық интернет-порталы, Informburo.kz, «31 арна» ТРК (80%), Video International

Kazakhstan медиа жарнама нарығының операторы (50%), сондай-ақ қазақстандық Media Management Systems ЖШС және «Direct Technology Company» ЖШС акциясының 100%-ына иелік етеді.

3. Ал биыл әлемдегі ең бай адамдар қатарына алғаш енген қазақстандық – Kaspi банкінің негізін қалаушылардың бірі Вячеслав Ким. Ол 3,3 миллиард доллар капиталымен әлемдік тізімде 925-орында тұр. Бизнесменнің Kaspi.kz-тегі үлесі – 25%. Былтыр ең бай қазақстандықтар рейтингінде сегізінші орында болды, биыл үшінші орында. Қазақстандық Forbes-тің мәліметінше, Вячеслав Ким Magnium сауда желісінің бақылау кеңесінің төрағасы, «Алсеко» АҚ бақылау кеңесінің мүшесі (былтырғы мәлімет бойынша 90% акциясына ие), QazaqGeography республикалық қоғамдық бірлестігінің қамқоршылық кеңесінің мүшесі. Сонымен бірге Қазақстан Таэквондо федерациясының президенті, Қоғамдық Fizat Endowment Fund мүшесі, РФММ директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі, Almaty Triathlon Federation қамқоршылық кеңесінің және «Мейірім» қайырымдылық қорының мүшесі.

4. Ең бай төртінші қазақстандық бизнесмен – Kaspi.kz құрылтайшыларының бірі – Михаил Ломтадзе. Ол әлемдік тізімде 2,3 млрд. долларымен 956-орынға тұрақтады. Михаил Ломтадзе Грузия азаматы, Қазақстанда 2007 жылдан бері тұрады. Оның капиталы Қазақстаннан шыққандықтан,

әлемдік тізімде де сол елдің бизнесмені есептеледі.

Айта кетейік, қазанда Kaspi.kz Лондон биржасына шықты. Ол кезде депозитарлық қолхат (GDR) құны 33,75 болса, қазір 75 долларға дейін өсті. Қазір компанияның нарықтағы бағасы шамамен 13,9 млрд. долларға жетті.

5, 6. Қазақстандықтар арасында бесінші, ал әлемдік тізімде 1111-орында Тимур мен Динара Құлыбаевтар тұр. Олардың әрқайсысының 2,8 млрд. доллары бар. Былтырмен салыстырғанда олардың жағдайы өзгерген жоқ.

2020 жылғы 1 қазандағы мәлімет бойынша, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ активтері елдің барлық банкінің активтерінің 32%-ын құралады. Тимур Құлыбаев пен Динара Құлыбаева «АЛМЭКС» «Холдинг тобы» АҚ арқылы қаржы тобына тең иелік етеді. Топтың Қырғызстан, Грузия, Тәжікстан және Өзбекстанда құрылымы бар. Қазақстанда «Altyn Bank» АҚ-ның 40%-ы Халық Банкіне тиесілі.

Бизнесмен сингапурлық Steppe Capital Pte Ltd, «Каспий мұнай» АҚ-ның 100% акциясына, Joint Resources АҚ-ы және «ҚазАзот» АҚ-ның 50%-ына ие. Ол «Кипрос» ЖШС негізгі иесі, ол арқылы VILED Group ЖШС, Emdeu Group ЖШС үлесі бар және Joint Technologies ЖШС басқарады. «Алматы ЗТО» (Алматы әуежайындағы арзан терминал), «Қамқор Менеджмент» ЖШС, «Қамқор Локомотив», «Теміржолэнерго», Jibek joly Cargo, SilkwayTransit және тағы

басқа компанияларда үлесі бар.

Forbes-тің ең бай адамдар тізіміне алғаш рет 2,2 млрд. доллар капиталы бар Тимур Турлов та енді. Ол қазақстандықтар арасында алтыншы, ал әлемдік рейтингте 1517-орында. Тимур Турлов Freedom Holding Corp холдингінің бақылау пакетінің негізін қалаушы және иесі (73%). Холдинг құрамына «Фридом Финанс» инвестициялық компаниясы, Freedom24 онлайн акциялар дүкені және «Фридом Финанс» банкі кіреді.

7. Қазанда Freedom Holding Corp инвестициялық тобы NASDAQ Capital Market-ке шықты. Компанияның нарықтағы капиталы 3,29 миллиард долларға жетті, ал бір акциясының құны – 56,61 доллар.

Ал әлемдік ең бай адамдар рейтингінің басында Amazon компаниясының негізін қалаушы Джефф Безос, Tesla-ның иесі Илон Маск, Louis Vuitton және Christian Dior брендтерінің жетекшісі Бернар Арно, Microsoft басшысы Билл Гейтс және бесінші орында Facebook-тің негізін қалаушы Марк Цукерберг тұр.

Биыл әлемдегі ең бай әйел атанған – Франсуаза Беттанкур Мейерс. Ол L'Oréal Француз мұрагері, компанияның 33% акциясына иелік етеді.

Байлардың көбі, 724 бизнесмен (былтыр 614 болған) АҚШ-та тұрады, содан кейін Қытай – 698 бизнесмен (456 миллиардер болды). Миллиардерлер саны бойынша үшінші орында – Үндістан (140 адам).

Мейірім БАҚЫТЖАНОВА



дүкен сәресіне дейін» атты пилоттық жобасы Шымкентте жүзеге асырылуда. Қала әкімдігінің мәліметінше, аталған жобаға бөлінген инвестиция құны – 50 млн теңге. Мұнда күнделікті бірінші кезекте тұтынатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары қолжетімді бағада сатылуда.

Бұл дүкенде тек қана Шымкентте өндірілген азық-түлік тауарлары, жылыжай өнімдері жинақталған. Яғни, азық-түлік тауар өндірушілер мен дүкен иесі арасында ешқандай делдал жоқ. Сонымен қатар, мұнда өнімдер қаладағы орташа нарықтан 20 пайыз төмен бағада сатылады.

Қала әкімі жергілікті тауар өндірушілердің өнімдерін осындай

ШЫМКЕНТТЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДҮКЕН АШЫЛДЫ

Елшібек батыр көшесінің бойында орналасқан.

Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов жаңадан ашылған әлеуметтік дүкеннің жұмысымен танысты, деп хабарлайды ERNUR.KZ.

Елшібек батыр көшесінің бойында орналасқан әлеуметтік дүкенде 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Президентіміздің «егіс даласынан

дүкендер бойынша үйлестіруді ауылшаруашылық және ветеринария басқармасы басшысына тапсырды.

Тауарлардың түрлерін көбейтуді де міндеттеді. М. Әйтенов экономикадағы бағаны тұрақтандырудың бірден бір жолы ретінде осындай дүкендерді көбейту бағытында жұмыс жанданатынын атап өтті.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?



Қала әкімі Мұрат Әйтенов қаладағы бірқатар көтерме сауда қоймалары мен медициналық бұйым шығаратын мекемелерді аралады.

Тексеру кезінде «НПО ЗЕРДЕ» ЖШС, «АҚ НИЕТ» ЖШС, «Аптека №5», «ATAMIRAS.S» ЖШС көтерме қоймаларына барған әкім жоспарланған дәрілік заттарды жеткізу және жинақтау бойынша резервтік қорлармен қамтамасыз етілуіне көз жеткізді.

Өткен жылы коронавируспен күреске қолданылатын дәрілерге бюджеттен 180 млн теңге бөлінді. Биыл тағы 659 млн теңге көлемінде тұрақтандыру қорына қаржы бөлінбек. Осы жұмыстар нәтижесінде дәріханалардағы дәрі бағасы 15-30 пайыз төмендеген болатын.

Бүгінгі таңда Шымкентте дәрі-дәрмек қоры жеткілікті. Дәріханалар мен емханаларда 4 млн 144 мың дана дәрілік заттар бар. Оның ішінде ыстық түсіретін, антибиотиктер, глюканаттар секілді вирусқа қарсы қолданылатын дәрі-дәрмек түрі кездеседі. Бағалары 25 теңгеден басталады.

Медициналық ұйымдарда 900 млн теңгеге дәрі-дәрмек қоры, 46 941 ЖҚҚ жиынтықтары, 2 миллион медициналық бетперде, 1 014 600 медициналық қолғап дайындалды.

Қоймаларды аралаған Мұрат Әйтенов кейіннен күніне 20 мың бетперде шығаратын «Bizhon» ЖШС-ы мекемесіне барды. Мұндағы бетперделер үш қабатты бір рет қолданылады. 2020 жылы жалпы сомасы 78 400 000 теңгені құрайтын 2 240 000 дана медициналық бір реттік бетперде өндірілген.

Ал, «Экофарм» ЖШС мекемесінде

көп реттік және бір реттік медициналық киімдер тігіледі. Өндіріс орны тәулігіне 2000 дана медициналық қорғаныс киімін тігуге қауқарлы. Өткен жылы сомасы 4 520 985 404 теңгеге 648 876 дана медициналық бұйымдарды шығарды. Оның ішінде обаға қарсы киімдер, көп рет қолданылатын дәке таңғыштар бар.

Аралау соңында қала әкімі «Айкөмек 109» орталығында қаладағы фарм компаниялардың және тиісті сала басшыларының қатысуымен онлайн көшпелі жиналыс өткізді. Онда фармацевтикалық мекеме өкілдерінің мәселелерін тыңдап, ортақ шешімдер қабылданды.

— Өткен жылғы қателікті қайта болдырмау үшін дәріханалар мен қала тұрғындарына барынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу керек. Вирусқа қарсы дәрі-дәрмектер тек дәрігер нұсқаулығымен ғана сатылуы керек. Пандемия ушыққан сәтте тұрғындар арасында дәрілерді көптеп сатып алып, үйінде сақтап, мерзімі мен сақталу шарттарын сақтамаған, өзін емдеймін деп керісінше әсер алған жайлар да орын алды. Үй жағдайында өзін емдеу, алыпсатарлық секілді мәселелер туындамауы тиіс. Коронавируспен ауырған науқастар ауруханаларда тегін ем қабылдайды. Заңсыздықтар орын алар болса басшылар қатаң жауапкершілікке тартылады. Барлығы өзіміздің жіті бақылауымызда болады, — деді қала басшысы.

Осы ретте тұрғындар назарына, егер де, алыпсатарлықтың немесе дәрі-дәрмекті шекті бағадан асырған жайттың куәгері болсаңыз дереу «109» байланыс нөміріне хабарласуын сұраймыз.

400-ДЕН АСТАМ КӘСІПКЕР 5 МЛН. ТЕҢГЕДЕН АЛДЫ

Рәсімдеуге жеке куәлік пен кәсіпкер екенін растайтын құжат жеткілікті.

Түркістан облысында ақпан айында бастау алған кепіл затсыз, жарты сағатта екі жылға 5 миллион теңге несие алу жобасы бойынша 400-ден астам кәсіпкер өз мүмкіндігін пайдаланған, — деп хабарлайды ERNUR.KZ.

Бұрын-соңды болмаған бастамаға сәйкес кредитті рәсімдеуге жеке куәлік пен кәсіпкер екенін растайтын құжат жеткілікті. Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев апталық аппарат отырысында кәсіпкерлерді қолдауды қарқынды жүргізуді тапсырды. Отырыста «Қарапайым заттар экономикасы» салаларын дамыту жоспары ортаға салынды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қабылданған «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы Түркістан өңірінде белсенді жүзеге асуда. Бүгінгі таңға, Бағдарлама бойынша 45,2 млрд. теңгеге 310 жоба мақұлданып, Түркістан облысы Республикада көш бастап тұр. Өткен жылы пандемияға қарамастан мақұлданған жобалар саны 2 есеге артты. 141 мыңға жуық кәсіпкері бар Түркістан облысы шағын және орта бизнес үшін қолайлы бизнес климат қалыптасқан өңір, шағын және орта бизнес саны бойынша Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларынан кейін 3 орында. Қарапайым заттар экономикасы арқылы қолдау алған жобалар экономиканың түрлі салаларын қамтиды. Бағдарламаны барынша қолжетімді ету мақсатында бизнес өкілдерімен тұрақты кездесулер өткізілуде. Соның нәтижесінде



100-ден аса потенциалды жобалар анықталып, оларды қаржыландыру бойынша сүйемелдеу жұмыстары жүруде. Шағын және орта бизнеспен өндірілген өнім көлемі 554 млрд. теңгені құрап, жыл қорытындысымен 16%-ға артқан. Бұл – республика бойынша 2-ші орын.

Облыс басшылығымен бекітілген жоспарға сәйкес, қаңтар-ақпан айларының қорытындысымен Түркістан облысына жергілікті қамту үлесі бойынша бекітілген индикаторлардың «КРІ» салаларында айтарлықтай нәтиже бар.

«Қарапайым заттар экономикасы» саласындағы жергілікті қамту үлесі 60,15%, -ды құрады. «Қарапайым заттар экономикасы» саласындағы жергілікті қамту үлесінің 8 саласы бойынша жоспарларының жалпы сомасы 10,3 млрд. теңгені құрайды, оның 1,12 млрд. теңгесі игерілді. Жиһаз шығару, тамақ және жеңіл өнеркәсіп салаларындағы, құрылыс материалдары, фармацевтика, целлюлоза-қағаз, химия өнеркәсібі салысындағы үлесі Республика бойынша 2-орында көрініп, жоғарғы көрсеткішке қол жеткізді.

COVID-19: ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА 15 МЫҢҒА ЖУЫҚ АДАМҒА ЕКПЕ ЕГІЛДІ



Түркістан облысында 15000 мыңға жуық адамға «Covid-19» індетіне қарсы екпенің 1-компоненті егілді. Оның ішінде 12 мыңға жуық медициналық қызметкер болса, 2 мыңға жуық мұғалімдер мен 500-ге жуық полиция қызметкерлері бар. Өңірде бүгінгі таңда екінші компонентпен 8103 адам вакцина салдырды, деп хабарлайды облыстық әкімдіктің баспасөз қызметі.

Соңғы тәулікте Түркістан облысында 12 адамда COVID-19 індеті анықталды. Тәуліктік өсім 0,26 % құрайды. Жалпы облыста пандемия белең алғалы 600 мыңға жуық ПТР- сынақтары алынған. Ал, соңғы тәулікте зертханаларда 2276 адам тексерілген. Жұқпалы аурулар ауруханасында барлығы 610 орын бар, олардың 392-сі бос.

Аймақта бүгінде жалпы 23 мыңнан

аса медицина қызметкері бар. Оның 5000-нан астамы дәрігерлер, қалғандары орта буын мамандары. Ақ халатты жандардың ерен еңбегінің арқасында өңірде қауіпті індетті жұқтырған 4392 науқас толық жазылып шықты. Жалпы, пандемия басталғалы Covid-19 инфекциясы расталған 4569 жағдай тіркелді. Олардың 2920-да ауру симптомсыз өткен болатын.

Сонымен қатар, Түркістан облысына қарасты вакцина сақтайтын қоймасына көлемі 601 литр құрайтын 2 мұздатқыш жеткізілді. Ал облыстық бюджет есебінен көлемі 143 литр құрайтын 20 мұздатқыш алынған. Вакцинация жүргізуге арналған 65 пункттер толық тоңазытқышпен жабдықталған. Бұдан бөлек, вакцинаны тасымалдайтын көлемі 50 литр құрайтын 38 термоконтейнер толық қамтамасыз етілген.

Айта кетейік, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 77-бабына сәйкес, кез келген медициналық ем-шара, оның ішінде вакцина салу тек адамның келісімімен ғана жүзеге асады. Вакцинадан бас тартқандар әкімшілік не қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, екпе егердің алдында сіз арнайы параққа қол қою арқылы вакцинадан бас тартып немесе салдыруға келісім бересіз.



«ЖУРНАЛИСТЕРДІ ҰРЫП-СОҒУДЫ ДОҒАРЫҢДАР!»: ШЫМКЕНТТЕ ПОЛИЦИЯ БАСШЫСЫ КЕШІРІМ СҰРАДЫ

Полициядан журналистерге қысым жасауды доғаруды талап етті.

Журналистер наразылығынан соң Шымкентте полиция бастығы кешірім сұрады, деп жазады azattyq.org.

5 сәуірде Шымкент қаласы полиция департаментінің алдына «КТК», «Астана» және «31 телеарна» үш тілшісі барып, полициядан журналистерге қысым жасауды доғаруды талап етті. «Полиция басыздығын тоқтатыңыздар!», «Журналистерді ұрып-соғуды доғарыңдар!» деген жазуы бар плакат ұстаған БАҚ өкілдерін қолдап, тағы 20 шақты тілші мен белсенді жиналды.

Телеарна тілшілері 4 наурызда Алтынтөбедегі наразылық кезінде полиция қызметкерлерінің журналистердің кәсіби қызметін атқаруына кедергі жасап, қысым жасағанын алға тартты, «полиция басыздығынан» шаршағанын айтты.

— Біз кеше түсірілімге бардық. Ол жерде тілші екенімізді көріп тұрды. Микрофонмен жүрдік. Соны көре тұра [полиция қызметкерлері] мына әріптесімнің («Астана» тілшісі Бахром Абдуллаев – Ред.) қолын қанатты. Қолшатырын сындырды. [Азаттық тілшісі] Дилара Исаның телефонын тартып алмақшы болды. Біздің араласуымызбен телефонын алмай қалды. Тілші Бахромбек Талибжановқа келіп «сені өлтіремін» деп қокан-лоқы жасады, — деді «КТК» арнасының тілшісі Бек Әбиев.

Оның айтуынша, журналистерге қысым алғаш рет болып отырған жоқ. Журналист наурыздың басында базардан шыққан өрттен хабар таратуға барған тілшілерге

полицияның күш қолданғанын да еске салды. Оның сөзіне қарағанда, оқиғаға байланысты тергеу жүргізіп жатқан полиция істің соңын сыырқұйымшақтандырып жіберген.

Журналистерді ішке кіргізіп, олардың шағымын тыңдаған қалалық полиция департаментінің бастығы Ерғали Жармұхамбетов «Барлық оқиға тексеріледі, қызметтік тексеріс басталды, қысым жасағандар жауапқа тартылады» деді. «Мен осындағы әрбір қызметкерге жауапты болғандықтан барлықтарыңыздан кешірім сұраймын» деді полиция департаментінің бастығы.

Ал журналистер әрбір қызметкердің өз жауапкершілігі барын алға тартып, ақпарат құралдарына қысым көрсеткен қызметкерлер кешірім сұрасын деді. 4 сәуірде Шымкент түбіндегі Алтынтөбе ауылында тұрғындар алтын бұйымдарын өндіретін жергілікті цех директорының ұсталуына наразылық танытқан. Полиция ондаған адамды ұстаған. Осы оқиғадан хабар Азаттық тілшісі де кедергіге ұшырады. Жай киінген 3-4 ер адам полицияның жолды жапқан наразыларды ұстауын түсірмек болған Азаттық тілшісін қайта-қайта итеріп, қолшатырларымен камерасын көлегейлей берді. Бірі тілшінің телефонын тартып алуға тырысты. Полиция «камераны көлегейлеген қолшатырды ысырып тастамақшы болған» Азаттық тілшісіне «қолшатырға тиіспеніз» деп ескерту жасады. Жай киім кигендердің бірі Азаттық тілшісіне «қазір сені де көлікке отырғызып алып кетеміз» деп кіжінген.

ШЫМКЕНТТЕ ЗАУЫТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ НАРАЗЫЛЫҚҚА ШЫҚТЫ



Шымкентте зергерлік бұйымдар шығаратын цехта шу шықты. Кәсіпорын директорын полиция ұстады, бұл жергілікті тұрғындардың ашуын келтірді, деп хабарлайды Stan.kz ақпарат агенттігі КТК арнасына сілтеме жасап.

Бұл аудандағы жалғыз дерлік жұмыс орны. Сондықтан адамдар наразылық білдіруге шықты.

«Олар бізді сонша көп жұмыссыз қалдырмаса екен! Барлығында несие бар, балалары бар. Олар жай автоматпен келіп, есіктерді сындырды. Олар бізді ұрды. Балаларды, біздің келіндерімізді алып кетті. Олардың емізулі балалары бар еді», — деді тұрғындар.

Цех үш жылдай жұмыс істеді, онда Алтынтөбе ауылының 100-ге

жуық тұрғыны жұмыспен қамтылды. Бірақ директор ұсталғаннан кейін компанияға мөр басылды. Мұндай жағдай қызметкерлерге ұнамады — наразылық ретінде олар жолды жабамыз деп қорқытты. Бірақ полиция наразы адамдардың барлығын ұстап, полиция бөліміне алып кетті.

Құқық қорғау органдарының өздері әзірге түсініктеме беруден бас тартты. Ал шенеуніктер жағдай бақылауда екенін айтып, жағдайды ушықтырмауын өтінеді.

«Пайдалы қазбаларды заңсыз пайдалану, алтын өндіру туралы ақпарат бар. Делекеру органдары заңдылықты тексеріп жатыр. Арнайы тексеру жүргізіліп жатыр», — деді Шымкент қаласы Абай ауданының әкімі Бұқарбай Парманов.

35 МЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОРЕЯДА НӘПАҚА ТАУЫП ЖҮР

Жұмыс іздеп Оңтүстік Кореяға кеткен қазақстандықтар саны 35 мыңнан асты. Оның 12 мыңға жуығы Корей түбегінде заңсыз жалданып, нәпақасын тауып жүр. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі «Еуразия» арнасына сілтеп хабарлайды.

Еңбек мигранттарының басым бөлігін еліміздің оңтүстігінен барғандар құрайды екен. Олардың жат жерде құқығы тапталып, қауіпсіздігіне зиян келіп жатқан оқиғалар да жиілеген. Осыған аландаған депутаттар бастама көтерді. Халық қалаулылары отандастарымыздың заңды түрде жұмыс істеуіне жағдай жасау керек дегенді алға тартты.

Оңтүстік Кореяға табыс табуға барған отандастарымыздың бірі — Айдос. Ол екі жыл Сеулде заңсыз еңбек етіп келген. «Таңғы жұпар» еліне қыдырып барып, сонда қалып қойыпты. Бүгінде елге оралып, ресми түрде қызмет істеп жүр.

«Қазақстандықтарға Кореяда еңбек визасын алу өте қиын. Мен Сеулге екі бағытқа билет алып, турист ретінде бардым. Шет мемлекетте табыс жақсы болған соң, сонда жұмыспен қалып қойдым. Салыстырмалы түрде айтсам, егер елімізде құрылышы болып істесең ең жоғары жалақы 400 мың теңгенің шамасында. Ал, Кореяда дәл сол жұмыста айына 1,5-2 млн теңге табыс табуға болады», — дейді Кореяда жұмыс істеп келген Айдос.

Сонғы жылдары Айдос секілді басын қауіп-қатерге тігіп, шекара асатын отандастарымыздың қатары күрт артқан. Кореяға жерлестеріміздің басым бөлігі, қарыздарынан құтылуға баратын көрінеді. Мәселен, тағы бір кейіпкеріміз Самат та 5 жыл бұрын Көкшетаудан барыпты. Қазір, ол құрылыс саласында еңбек етеді. Осынша уақыттан бері табысына қызығып жүр екен. Бірақ, туған жерден жырақта жүрген азамат, елді сағынғанын айтады.

«Корея мемлекетінде жүргеніме 5 жылдан астам уақыт болды. Осы мемлекетке келу мүлде ойымда болмаған. Өйткені, елде жүрген уақытта кішкене қиын жағдайлар болып қалды. Кредит бар білесіздер. Барлығымыздың басымызда



кредит деген пәле бар. Сол ғой негізі адамды іштей жейтін. Жарты жыл, бір жылдың ішінде осы уақыт аралығында елге қайту жоспарым бар», — дейді Кореяда жұмыс істеп жүрген Самат.

Салыстырмалы түрде айтсақ, 2014 жылы Оңтүстік Кореяға бар-жоғы 359 отандасымыз заңсыз жұмыс істеуге аттанса, 2019 жылы бұл көрсеткіш 12 мыңға жетіпті. Олардың көбі 20-35 жас аралығындағы еңбекке белсенді азаматтар екен. Бірақ, жат елде жұтөндеп жүрген қарақөздеріміз басы ауырып, балтыры сыздаса медициналық көмекке де жүгіне алмайды. Белгісіз дерттен қайтыс болған жандар да жетерлік мұнда.

«Кореяда еңбек етіп жүрген отандастарымызда ешқандай көмек жоқ. Жұмыс берушілердің заңсыз еңбек мигранттарына дұрыс қарамайды. Басшылары алдауы мүмкін, ақшаны дұрыс төлемей қояды. Визамен жүрген адамдарға қарағанда олар аз табыс табады», — блогер Диана Сағиева.

Депутаттар Кореядағы отандастарымыздың мәселесін реттейтін уақыт әлдеқашан келді — дейді. Себебі, қомақты қаржыға алданып, шетел асып жатқан қазақстандықтардың легі қазір басылатын түрі жоқ. Қарапайым мысал, 2019 жылдың өзінде жат жерде жұмыс істеп жүрген азаматтарымыз елге 105 млн доллар аударыпты.

ПӘТЕР САТЫП АЛУ. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ ҚАНДАЙ ТҮРІН ЖАСАҒАН ДҰРЫС?



Ешқашан пәтерді сыйға алу бойынша сатып алмаңыз. Кейін ол үйден айрылып қалуыңыз мүмкін.

Қай кезде болмасын, басқа жаннның атына тіркелген жылжымайтын мүлік сіздің атыңызға ауысқанда, барлық уағдаластықтар Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі аясында жүзеге асады, деп жазады IrotekaBlog. Сәйкесінше, Кодексте оның түрлі жолдары анықталған. Оның ішінде мұрагерлікпен алу, сатып алу, сыйға алу сынды бағыттар бар.

Егер Сіз үй сатып алып жатсаңыз, сатушы сізге нотариуста сатып алу-сату шарты емес, сыйға беру шарты арқылы үйді өткізіп берейін деп ұсыныс жасауы мүмкін. Оны салық төлеуден құтылу үшін қажет екенін айтып сылтауратуы да ғажап емес. Ондай ұсынысқа ешқашан келіспеніз! Үйді тек сатып алу-сату шарты арқылы алыңыз! Сыйға беру шарты арқылы үй алсаңыз, кейін сыйға берген сатушы ол үйді қайтадан сот арқылы тартып алуы мүмкін. Себебі, кей жағдайларда Азаматтық Кодекс ондай мүмкіндік береді.

Азаматтық Кодекс не дейді? Мәселенің басын ашып алу үшін, Кодексте үңілейік.

406-бапта «Сатып алу-сату шарты бойынша бір тарап (сатушы) мүлкті (тауарды) екінші тараптың (сатып

алушының) меншігіне, шаруашылық жүргізуіне немесе жедел басқаруына беруге міндеттенеді, ал сатып алушы бұл мүлкті (тауарды) қабылдауға және ол үшін белгілі бір ақша сомасын (бағасын) төлеуге міндеттенеді», — деп көрсетілген.

Демек Кодекс, заттың бір қолдан екінші қолға ақылы түрде өтуінің жалғыз заңды жолын сатып алу-сату шартына әкеліп тірейді.

Ал 506-бапта сыйға тарту шартының аясы анықталады. Кодексте ол туралы «Сыйға тарту шарты бойынша бір тарап (сыйға тартушы) басқа тараптың (сыйды алушының) меншігіне затты не өзіне немесе үшінші тұлғаға мүлктік құқықты (талапты) тегін береді немесе беруге міндеттенеді не оны үшінші тұлғаның алдындағы мүлктік міндеттен босатады немесе босатуға міндеттенеді», — деп жазылады. Бірақ сыйға берілген затты сыйлаушының қайтадан өзіне қайтару жолдары да анықталған.

Қай кезде сыйлаушы өз мүлкін қайтарып ала алады?

Егер сіз пәтерді сыйға алу шартымен алсаңыз және (Құдай бетін ары қылсын) сыйлаушыдан бұрын өліп қалсаңыз, онда сыйлаушы сол пәтерді кері алып ала алады. Демек, балаларыңыз осы мүлктен айрылып қалуы мүмкін.

Егер сыйға беру шарты арқылы алынған пәтерді сыйға беруші кәсіпкерлік қызмет арқылы тапқан кірісіне сатып алған болса, ол банкрот болған жағдайда сыйға берілген пәтер қайтып алынып, қарызды жабуға кетуі мүмкін.

Кодекстің 512-бабы бойынша егер сый алушы сыйға тартушының өміріне, оның отбасы мүшелерінің немесе жақын туыстарының біреуіне қастандық жасама не сый берушіге қасақана дене жаракатын салса, сыйға тартушы сыйға тартудың күшін жоюға құқылы.

Ең бастысы, жылжымайтын мүлік бойынша операцияларға аса сақтықпен қарағаныңыз жөн. Дұрыс жасалмаған шешім үлкен қаржылық қиындықтарға әкелетінін ұмытпаңыз.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» - БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ!



Рухани жаңғыру өскелең ұрпақтың - дара жолы!

Нұрсұлтан Әбішұлы
НАЗАРБАЕВ

Ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі», - деп айта кеткен болатын. Сапалы білім мен саналы рухани-адамгершілік тәрбие беру, өзінің ісін, өнерін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ қалдыру-әрбір ұлттың қай кезде болмасын алдында тұрған ұлы мұрат-міндеттердің бірі. Ол келешек қоғам қамын ойлау болып табылады.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қазақ еліндегі әр азаматтың жүрегінің төрінде жүрген ой толғауына қозғау салды.

Рухани жаңғыру - бұл жеке тұлға үшін де, бүкіл қоғам үшін де өте маңызды процесс. Өскелең ұрпақ өз тарихын білмейді, салт-дәстүрді қастерлемейді, Қарасай, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай секілді батырларының тарихын білмейді деген үрдіс бар. Шындығында, бұл өте өкінішті жағдай, бүгінде жастардың санасына осы негіздерді сіңіріп, бізде бардың бәрін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу қажет. Бірақ бұл үшін жоғары сапалы білім мен кең дүниетаным қажет.

Қоғамдық сананы жаңғыртудың басты басымдығы - бәсекеге қабілетті мемлекет қалыптастыру. Сондықтан халықтың бірегейлігін, құндылықтары мен дәстүрлерін сақтау өте маңызды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың айтуынша, мәдениетімізді және ұлттық коддымызды сақтау - жаңарудың жаңа түрінің бірінші шарты. Тарих пен ұлттық дәстүр әрқашан ескерілуі керек.

Елбасы жалпы қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың алты бағытын айқындап берді:

1. Бәсекеге қабілеттілік.
2. Прагматизм.
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау.
4. Білім культі.
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы.
6. Сананың ашықтығы.

Барлық алты бағыт уақыттың сын-қатерлеріне нақты жауап береді және өзекті болып табылады.

Елбасының бағдарламалық мақаласы, ең алдымен, 21 ғасырдағы ұлттық сана мен қоғамдық сананы өзгерту жолдарына ұтымды форматта жалпы анықтама беретін идеялық-идеологиялық мақала. Мақсат - мықты және жауапты адамдардың біріккен ұлтын құру. Негізгі мақсат:

мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттестігі негізінде жалпы руханилықты қалпына келтіру. Сонымен қатар, 2014 жылдан бастап елімізде, атап айтқанда, қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени менталитеті мен жоғары руханилығын қалыптастыруға бағытталған Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы іске асырылуда.

Менің ойымша, бұл тұжырымға ешкім таласпайды: ортақ тіл, мәдениет, тарих - барлық замандардағы күшті мемлекеттің негізі.

Бүгінгі таңда Қазақстанның алдағы жылдарға арналған жобалары басталды. Мен «Қазақстанның рухани қасиетті орындарына» тоқталып, назар аударғым келеді. Әр халықтың өзіне тән ұлттық қасиетті орындары болады. Мысалы, британдықтар үшін бұл Кентерберри соборының басты англикандық ғибадатханасы, немістер Кельндегі Рим-католик готикалық соборына тәнті, француздар Париждің Нотр-Дамымен мақтан тұтады, ал Қазақстан Республикасында мақтан тұтатын көптеген тарихи орындары бар. Бұл

қасиетті орындардың тұтас шашырауы: ежелгі Тараз мен Ұлытау, Түркістан мен Алтай, Жетісу және Бекет-Ата кешені.

Тәуелсіздік жылдарында бұл бағытта көптеген жұмыстар атқарылды. Мәдени мұра бағдарламасы аясында тарихи және мәдени ескерткіштер жаңартылды, барлық әлеуметтік салалар дамып, жаңғыртылуда.

Біздің халқымыздың болашағы ең алдымен өзіне, рухани қуат пен жасампаз күшке, оның ұлттық санасына байланысты. Материалдық әл-ауқатқа деген табиғи ұмтылыс ұлттың рухани және интеллектуалды өсу қажеттілігін көлеңкелендірмеуі керек. Руханилық пен ағартушылық біздің халқымыздың ғасырлар бойғы тарихы бойында әрқашан ең күшті ерекшеленетін белгілері болды.

Біздің елде адамдардың бақытты өмір сүруі және қоғамға пайда әкелуі үшін адамдардың рухани дамуы үшін барлық жағдайлар жасалған. Мен қазақстандық қоғамның дамуындағы әр қазақстандықтың өз халқының дамуына қандай үлес қосатындығына байланысты болады деп сеніммен айта аламын.

Мен Елбасының бейбітшілікті сүйетін саясатының, сондай-ақ адалдығының арқасында Қазақстан халқы өз мақсатына жететініне сенімдімін. Данышпандар айтқандай: «Отаныңның сен үшін не істей алатындығын сұрама, керісінше, Отаныңа не істей аласың деп ойла».

Біз біртұтас және ұлы ұлтқа жататынымызға мақтануымыз керек. Біздің бір ғана жолымыз бар: рухани жаңғыру арқылы - жақсы болашаққа!

Ботбаева Диана Бақытжанқызы
Әкетөре Сезім Жүзбайқызы
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
«Механика және мұнайгаз ісі» факультетінің «Стандарттау және сертификаттау» мамандығының II курс студенттері

Топ тәлімгері:
ОТУНШИЕВА Айтолқын

Біздің еліміздегі нарықтық экономиканың үдемелі дамуы қазіргі еңбек нарығы үшін талап етілетін практикалық құзыреттер мен дағдыларға ие білікті кадрлардың болуын талап етеді. Әр түрлі сарапшылардың пікірі бір жерде, яғни жоғары оқу орындары сұранысқа ие мамандарды даярлау үшін жоғары білім беру жүйесінде түбегейлі реформалар қажеттігіне тоқталып отыр. Әлемнің дамыған елдерінде



ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РЕФОРМАЛАР

қабылданғандай, жоғары оқу орындарына академиялық, басқарушылық және қаржылық дербестік беру осындай өзгерістердің бағыттарының бірі болып табылады.

Яғни бұл не дегеніміз? Жоғары оқу орындары осындай өкілеттіктерге ие бола отырып, студенттерді қабылдау рәсімі мен олардың санын, яғни профессорлық-оқытушылық құрам мен білім алушылар контингентінің арасындағы арақатынасты, сабақ өтуге кімнің құқығы бар, қалай оқыту керек және т. б. мәселелерді өздері анықтайды.

Қалыптастырылып жатқан кадрларды даярлаудың жаңа жүйесінде негізгі акцент мамандық бойынша оқыту жүргізілетін базалық құжат болып табылатын білім беру бағдарламаларының мазмұнын айқындауда ЖОО-ның дербестігіне жасалады. Бұрын, әрбір мамандыққа ҚР БҒМ ұсынатын ЖОО – нан таңдау бойынша компонент-пәндердің аз саныды бөлігінде ғана ауытқуға болатын ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС) болған.

Бұл жоғары білім еңбек нарығы талап ететін сын-қатерлерге әрдайым жедел жауап бере алмайтындығына алып келді.

2018 жылғы 4 шілдеден бастап, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық дербестігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданғаннан кейін ҚР БҒМ тарапынан да, барлық мемлекеттік жоғары оқу орындары тарапынан да ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар, барлық ЖОО, соның ішінде М.Әуезов атындағы ОҚМУ (Коммерциялық емес акционерлік қоғамы) коммерциялық емес ұйым болды. Айта кету керек, біздің университеттің атауында «мемлекеттік» деген сөз болмаса да, біздің ЖОО-ның жалғыз акционері ҚР БҒМ болып табылады, яғни мұнда мемлекеттің 100% қатысуымен жүзеге асады.

Мұндай мәртебені алу М.Әуезов атындағы ОҚУ-не жаңа мамандықтарға қажеттіліктің болуы, талап етілмеген және өзекті емес мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды тоқтату бойынша еңбек нарығына өз зерттеулерін және талдауларын

белсенді жүргізуде мүмкіндік береді. Соңғы 2 жылда М. А. Әуезов атындағы ОҚУ осындай бағытқа толық ревизия жүргізді. Жұмыс берушілермен ынтымақтастықта жаңа білім беру бағдарламалары әзірленді, қолданыстағы білім беру бағдарламалары жаңа пәндерді енгізу бөлігінде қайта қаралды және жаңартылды.

Осылайша, «Стандарттау және сертификаттау» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамымен барлық жаңартулар «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы бекіткен кәсіби стандарттарды (КС) ескере отырып жүргізілді: «Стандарттау» КС, «өнім, процесс, қызмет сапасын бақылау» КС, «тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау» КС, «аккредиттеу саласындағы бағалау» КС, «Техникалық реттеу саласындағы мамандарды даярлау» КС.

Бұл жұмыста кафедра Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау органының «Қазақстан стандарттау және метрология институты» Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша филиалымен тығыз қарым-қатынаста, өзінің қызметі мен жұмысының арқасында біздің қаламыздың және облыстың барлық кәсіпорындары мен ұйымдарымен, Стандарттау, сертификаттау және метрология бағыты кафедрасының білім беру бағдарламаларының түлектері қандай құзыреттерге ие болуы керектігін біледі.

Мысалы, білім беру бағдарламасына «Инновациялық сапа менеджменті», «Өнімді таңбалау», «Халықаралық және өңірлік стандарттарды қолдану ережелері», «Өндіріске стандарттарды енгізу тиімділігі» сияқты пәндерді енгізу ұсынылды.

Мұндай ынтымақтастық Стандарттау, сертификаттау, метрология және сапаны басқару саласында еңбек нарығы үшін сұранысқа ие кадрларды даярлауға мүмкіндік береді деп санаймыз.

ТУЛЕКБАЕВА Айжамал
Коньсбаева
М. Әуезов атындағы ОҚУ-
ның «Стандарттау және
сертификаттау» кафедрасының
менгерушісі
ОТУНШИЕВА Айтолқын
Еркиновна
М. Әуезов атындағы ОҚУ-
ның «Стандарттау және
сертификаттау» кафедрасының
аға оқытушысы



Джо Байден Зеленскиймен алғаш рет телефон арқылы сөйлесті. АҚШ басшысы Украинаны барынша қолдайтынын жеткізді. Канада президенті де осы позицияны ұстануда. Қазірдің өзінде Украинада канадалық 200 әскери украин сарбаздарын дайындауға атсалысуда. Олар Украинада 2015 жылдан бері сарбаздарды оқыту бағдарламасы бойынша жұмыс жасауда. Украинаның әскері 2014 жылғыдай емес, әлеуеті артты. НАТО 20 мыңнан астам сарбазды қалалық жағдайда ұрыс жүргізуге дайындап шықты. Киевке АҚШ «танк өртеуші» аталған Джавелин қаруын табыстады. Украина соққы жасаушы дрондармен жарактанды. Демек, ұрыс қимылдары 2014 жылғыдай емес, қиын-кескі сипатта өтуі мүмкін. Қазіргі таңда көпшілікті алаңдататын

ғана жағдайда: егер ұйымға мүше елге сыртқы күштен агрессия болса. Ал бұл жағдайда керісінше Ресей агрессор, Украина қорғанушы, жапа шегуші. Ұрыс қимылдары Украина территориясында болып жатыр. Халықаралық талаптарға сай Украина өзінің аумақтық тұтастығын қалпына келтіруге құқылы. Қазақстан Қырымды Ресейдің аймағы деп мойындаған емес. Украинаның бөлінбес бөлшегі санайды. Сондықтан да бұл соғыста Ресей жалғыз. Армения мен Әзербайжан арасындағы Таулы Қарабақ соғысында ҰҚШҰ-ның принциптері қалай жұмыс істейтінін көрдік. Армения тарапы көмек сұрағанымен, ҰҚШҰ көмек беруден бас тартты. Себебі соғыс қимылдары халықаралық талаптар бойынша мойындалған Әзербайжанның

РЕСЕЙ-УКРАИНА СОҒЫСЫ: ҚАЗАҚСТАН КІМДІ ЖАҚТАЙДЫ?

Ресей мен Украина арасындағы қақтығыс жаңа қарқынға өтті. Украинаның шығысында сепаратистермен атыс-шабыс артты. Бұл үлкен әскери қақтығысқа, тіпті Ресей мен Украина арасындағы соғысқа әкелуі мүмкін. Қазіргідей қақтығыстың ушығуы 2014-2015 жылдан кейін болған емес.

Ресей Украинамен шекаралас аймаққа 4000 сарбаз жіберді. Ал басып алған Қырымға танктер мен әскери техникалар шоғырландыруда. Бұл ресми Киев пен

оны қолдаушы НАТО-ны алаңдатып отыр. Украина болу ықтималдығы жоғары соғысқа дайындалып, елдің шығысына әскерін шоғырландыруда. Танктер, зенбіректер мен жанармай тасушы көліктер бүлікшілер орналасқан аймаққа аттанып жатыр. АҚШ барлау күштері сепаратистердің қолындағы аймақты бақылау үшін дрондармен барлау жүргізуде. Ал «Борисполь» әуежайына күн сайын АҚШ-тың әскери жүк тасушы ұшақтары қонуда.

Өткен аптада АҚШ президенті

басты сұрақ «Ресей мен Украина соғысы қалса, Қазақстан кімді жақтайды» деген болып отыр. Қазақстан мен Ресей бір әскери ұйымда. ҰҚШҰ (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы) ұйымына қатысты сұрақтар көп. Украина шығысындағы қақтығыс Ресей-Украина соғысына ұласса, Қазақстан екі тарапты бейбітшілікке шақырып, келіссөзге келуге үгіттейтін позиция ұстанатыны анық. ҰҚШҰ шартына сәйкес мемлекеттер соғыс жағдайында бір-біріне көмектесуі тиіс, алайда бір

тарихи өлкесі Қарабақта өтті. Бұл соғыста Әзербайжан азат етуші, Армения агрессор ролінде болды. Қазіргі Ресей-Украина қақтығысы да тура осындай жағдайда.

Алайда тараптар қаруын көрсетіп, қабағын түйсе де, соғыс қимылдары қарқынды түрде басталмай, позициялық соққы алмасумен шектелуі де мүмкін.

Асхат ҚАСЕНҒАЛИ
Abai.kz

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕЛЕР КӨМЕККЕ МҰҚТАЖ АДАМДАРДЫ ТҰНШЫҚТЫРУДА



Өзбекстандағы мұқтаж адамдарға көмек көрсету әрекеті іс жүзінде бірқатар отбасылар үшін қарыздық тәуелділікке айналды, деп хабарлайды шетелдік БАҚ. Неге екені белгісіз, «жеңілдетілген несиелер» бойынша ірі қара малды нарықтағы құнынан екі есе қымбатқа сатқан.

Көмектің орнына – миллиондаған қарыз

Өзбекстанда «темір дәптердегі» тізімге енгізілген отбасыларға ірі қара мал, қой, ешкі, қоян және тауық жеңілдетілген несие бойынша беріліп жатыр. «Темір дәптер» – карантин кезінде пайда болған жұмыссыз, аз қамтылған, мұқтаж отбасылардың тізімі. Бұл халықтың мұқтаж топтарын әлеуметтік қолдау бағдарламасы.

Алайда, Озодлик хабарланғандай кейбір облыстарда бұл бағдарлама бойынша малдарды нарықтық құнынан екі есе қымбатқа рәсімдеуде

Нәтижесінде кедей отбасылар одан сайын қарызға батып бара жатыр.

Наманган облысы Чуст ауданының 23 жастағы тұрғыны екі сиыр сатып алу үшін 31,6 миллион сом (3 мың АҚШ доллары) несиені алғанын айтты. Бірақ базардан сондай малды 14 миллион сомға (шамамен 1350 АҚШ доллары) сатып ала алар еді.

– Базарда тіпті 7 миллион сомға да

сатпайды. Банкте маған мал сатып алуға несиені нақты құнынан екі есе қымбатқа рәсімдеді. Оған қоса, үш жыл бойы несиені бергені үшін 14 пайыздан төлеуім керек. Өте қажет болғандықтан, келісуге мәжбүр болдым, өйткені отбасым қиын жағдайда. Әкем 2011 жылы қайтыс болды, анама үш рет ота жасады, қазір мүгедек. Ата-анадан үш ағайындымыз және бәріміз жұмыссызбыз. Біздің отбасымызды «темір дәптерге» енгізді, сондықтан бізге осы екі мал берілді. Бірақ нәтижесінде, мойнымызға 31 миллион 600 мың сом және 14 пайыздық жылдық төлем қосымша қарыз болып ілінді. Адамдар жағдайлары ауыр болғандықтан, ірі қара мал береміз десе, кез келген жағдайға келісуге дайын, – дейді Абдуллажон Мамадалиев.

«Үй жанындағы жобалар» нәтиже бермеді

Сол ауданның тағы бір тұрғыны осы несиені сүйеніп, нарықтық құнынан екі есе қымбат он қой сатып алуға мәжбүр болған.

– Мен бұл қойларды сатып алғаным екі күн болды. Әр қойды 2 миллион 800 мың сомға сатып алдым (шамамен 270 доллар). Мұндай қойлар базарда тіпті бір миллион да тұрмайды. Банкке барып едім, олар құжаттарға қол қоюым керектігін айтты, қағаздарға қолымды қойдым. Бірақ үйге

келген кезде есептеп көрсем, 28 миллион үш жыл ішінде жылдық 14 пайыздық мөлшерлемен есептегенде 40 миллионға шығады екен. Маған сонда артық он қой қала ма?, – дейді ашуланған ол.

Наурыз айында ауданда ондаған отбасы жеңілдетілген несиені негізінде мал алған. Аудан әкімшілігінен малдардың неге нарықтағы бағадан қымбатқа сатылғанын сұрағанымызда, ешкім жауап бере алмады.

Осыған ұқсас хабарламалар осыған дейін де басқа облыстардан келіп жатқан болатын.

Шавкат Мирзиёев 2017 жылдың өзінде-ақ

тұрмысы төмен отбасыларға мал шаруашылығымен немесе құс шаруашылығымен айналысуға кеңес беріп, тұрмыстарын түзеп, байлыққа кенелетіндеріне уәде берген.

Бірнеше айдан кейін ол жылыжайларда лимон өсіруді және оларды экспортқа шығаруды ұсынды. Алайда бұл жобаны жүзеге асыру күмән тудырды.

Халыққа арналған несиелік келісім-шарттарды жасаумен айналысатын Уртачирчик ауданы әкімшілігінің заңгері тауық пен лимон өсірумен айналысатын көптеген борышкерлер несиелерін төлей алмағанын айтты.

Несиелік қарыздар бойынша нақты цифр әзірлеу белгісіз. Алайда, сарапшылар жеңілдетілген несиелер коммерциялық банктер үшін де үлкен қиындық тудырып отыр деп санайды. Кейбір облыстарда жеңілдетілген несиелер бойынша қарыздарды өндіріп алуға банк қызметкерлерімен бірге бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері де тартылғаны туралы хабарламалар келіп түсуде.

Адамдар коронавирусқа сенбейді Қазіргі уақытта Өзбекстанда коронавируспен ауырғандар саны жиілеп кетті, деп хабарлайды БАҚ. Вирустың таралуына байланысты жоғары оқу орындары қашықтықтан оқытуға көшуде.

Сарапшылардың айтуынша өкпе қабынуын оған қоспайтындықтан, жұқтырғандар саны ресми статистика бойынша келтірілген мәліметтерден әлдеқайда көп

Мамандар коронавирусты жұқтырғандардың саны күн сайын өсуінің

себебін азаматтардың қырағылықты жоғалтуынан, санитарлық талаптарды сақтамауынан, қоғамдық орындарда қарапайым медициналық бетперде киюді ұмытып кетуінен, сондай-ақ үйлену тойлары мен басқа да отбасылық іс-шараларда әлеуметтік қашықтықты сақтамауынан деп түсіндіреді.

Дей тұрғанмен, жұқтырғандар санының өсуіне қарамастан, өңірлерде адам көп жиналатын түрлі мерекелер өткізу жалғасуда.

1 сәуірден бастап комиссия шешімімен Өзбекстан аумағында санитарлық-эпидемиологиялық бақылау күшейтілді.

2021 жылғы 28 наурыздағы жағдай бойынша елде коронавируспен ауырғандардың жалпы саны 82340 адамға жетті.

Өзбекше ұят

Хорезм облысының қылмыстық істер жөніндегі Ургенч қалалық соты жартылай жалаңаш күйінде сумалық (өзбектердің мерекелік тағамы — ескерту) әзірлеп жатқан алты әйелге қатысты іс бойынша шешім шығарды.

Жергілікті БАҚ хабарлағандай, әкімшілік іс көпшілік тұрғындар мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен қаралған.

Сот Өзбекстанның Әкімшілік жауапкершілік туралы Кодексінің 183-бабы («Ұсақ бұзақылық») бойынша үш әйелді кінәлі деп тауып, 15 тәулікке әкімшілік қамауға алды.

Тағы үш әйелге 1,22 миллион сом (шамамен 100 доллар) айыппұл салынды. Шешімге қатысты жоқ мұндай жаза олардың балалары бар болуына байланысты тағайындалды.

Бірақ күн бұрын әлеуметтік желілердің өзбек бөлігінде Ургенче қаласындағы «Сахара» түнгі клубының бірнеше бишісі жартылай жалаңаш күйінде қалай сумалық дайындап жатқандары туралы бейнежазба пайда болған болатын.

Пайдаланушылардың көпшілігі олардың бұл әрекеттерін сынға алды. Құқық қорғау органдары бұл жағдайға әлеуметтік желі қолданушылары тарапынан қатты сын айтылғаннан кейін тергеуге кіріскен.



жасалады. Нәтижесінде сатып алынған сараптамалар негізінде шығарылған күмәнді сот шешімдері мен үкімдерге қол жеткізіп жүрмейміз бе? Бұл туралы адвокат Жангелді Сүлейменовтен сұрадық.

— Сараптама – бұл құжат, оның негізінде адамдардың тағдыры шешіледі. Қазіргі кезде қайтымсыз салдар қауіп төмендетуге бола ма?

— Мұндай бәсекелестік бар орта бүгінде Қазақстанда да бар. Себебі мемлекеттік сот-сараптама институттарына да, лицензиясы бар жеке сарапшыларға да сараптама жүргізуге рұқсат етіледі.

шығарылады. ҚДЖК мен АЖК-де бұл туралы керемет норма бар сарапшының қорытындысы іс бойынша басқа дәлелдемелер сияқты заңды күшке ие

Егер ол басқа дәлелдердің жиынтығына қайшы келсе, оның негізінде айыптауды немесе сот шешімін шығара алмайсың. Сараптаманы бағалауы – екінші тежеу механизмі.

Үшінші, әлемнің барлық заңнамаларында бар қайтадан және қосымша сараптамалар тағайындау. Яғни, егер процеске қатысушылардың бірі сараптаманың іс материалдарына қарама-қайшылығын және сәйкес

Он мыңдаған істерге жүктеме – Бекетаев сондай-ақ, бәсекелестік ортаға беру сараптама институттарының материалдық-техникалық базасын жаңартуға және жаңғыртуға мүмкіндік беретінін айтты. Бәсекелестік ортаға беру – бұл мемлекеттің моральдық тұрғыдан ескірген жабдықтарды жаңартуға кететін шығындарды үнемдеу тәсілі емес пе екен?

— Мұндай логиканың да қисыны бар. Қаржыландыру жағынан қиындықтар шынымен де бар. Сараптама қызметтері ақылы болғанымен, өте арзан. Сарапшының әрбір жұмыс сағатына 500-700 теңге – бұл бір іске 150-250

ЖЕКЕ СОТ САРАПТАМАСЫ: ЖАҚСЫ МА ӘЛДЕ ЖАМАН БА?

Әділет министрлігі азаматтық және қылмыстық істер бойынша сот сараптамаларының бір бөлігін бәсекелестік ортаға беру жөніндегі пилоттық жобаны іске қосты.

Сот-сараптама жүйесінің кезекті реформасы бірыңғай сот-сараптама қызметін құруды көздейді. Қазіргі өзінде сот сарапшыларының Республикалық Палатасы құрылды. 300-ге жуық сарапшы шетелде тағылымдамадан өтіп, біліктілігін арттырды. Реформа, сондай-ақ зиянды еңбек жағдайы үшін қосымша ақы түрінде сот сарапшылары еңбекақысының 30-дан 45%-ға дейін өсуін көздейді. Сондай-ақ, сот-сараптама жүйесінің материалдық-техникалық базасын жаңарту туралы сөз болып отыр.

Мемлекеттік функциялар — жеке адамдардың қолына

Пилоттық жоба Нұр-сұлтан мен Алматының жеке сарапшыларына азаматтық істер бойынша бастапқы сот-құрылыс, тауартану және экономикалық сараптамалар жүргізуді беруді көздейді. Сонымен қоса Шымкент, Қостанай және Павлодар облыстарында қылмыстық істер бойынша жекелеген сараптамаларды мемлекеттік емес сарапшылар жүргізетін болады.

Әділет министрлігі жобаның оң нәтиже көрсеткенін — жұмыстың орындалу мерзімі қысқарғанын, мемлекеттік сарапшылардың жүктемесі азайғанын атап өтті

Әдеттегідей, кез келген реформада басты мәселе — бұл рәсімнің сапасы мен объективтілігі қарастырылады.

Жемқорлық күшейген Қазақстанда өздеріне қажетті нәтиже алу үшін мемлекеттік сарапшыларға жиі қысым

Айтпақшы, көптеген жеке сарапшылар — мемлекеттік институттардың бұрынғы қызметкерлері. Олар жеке бөлініп кетеді, өйткені табысы жоғары болады.

Мемлекеттік немесе жеке сарапшылар шеше алмайтын, өте сирек кездесетін мәселелер бойынша елімізден тыс жерлерде де бір реттік сараптама жасату сияқты сирек жағдайлар орын алады.

Сараптаманың кейбір түрлерін нарыққа шығару, менің ойымша, бұл бірінші кезең. Екінші кезеңде жалпы барлығы беріледі, өйткені бұлай жалғаса алмайды — жартысы мына жақта, ал жартысы басқа жақта болмайды.

Саудаласудың мәні жоқ

— Тәжірибе жинақтап жүрген қорғаушы ретінде сіздің қандай қорқынышыңыз бар?

— Ерекше қорқыныш жоқ. Себебі заңнамада сарапшыларды сапасыз, жалған немесе субъективті сараптама жасаудан сақтайтын тетіктер жеткілікті. Олардың бірі — сарапшының әдейі жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны туралы ескертуі. Бұл жақсы механизм, ол жұмыс істейді. Осы бап бойынша сарапшылардың жауапқа тартылған кездері де болды.

Ойланып көрейікші, жеке сарапшы қылмыстық жауапкершілік туралы ескертуге қол қойды делік. Бірақ сотта немесе сотқа дейінгі тергеу кезінде жалған қорытынды берген болсын. Кез-келген істе қарсылас тараптар бар. Қылмыстық процесте бұл жәбірленуші мен күдікті, азаматтық процесте — талапкер және жауапкер. Сондай-ақ тергеуші мен сот бар. Барлық қатысушылар сараптаманың дұрыстығы мен объективті болуына мүдделі. Соның негізінде үкім немесе шешім

келмейтіндігін байқаған жағдайда, ол жаңа немесе қосымша сараптамалар тағайындауға қол жеткізуге құқылы.

Сонында, өте даулы жағдайларда қайтадан комиссиялық сараптама жүргізіледі. Егер бастапқы сарапшы үлгілерді қасақана өзгерткен немесе дұрыс емес қорытынды жасаған болса, ол сотталушылардың орындығына отыруы әбден мүмкін.

Таңдау құқығы

— Пилоттық жобада тергеу жүргізу тапсырылатын жеке сарапшыны таңдау құқығы туралы ештеңе айтылмаған.

— Бұл норманы мен заңнамаға қосар едім. Ең дұрысы, қарсылас тарап, егер қаласа, сол мәселелер бойынша басқа сарапшыға сараптама жасату құқығына ие болуы керек. Сонда нақты жағдайлар бойынша сараптамалық бәсекелестіктің нақты қағидасы пайда болады. Мұндай жағдайда сарапшылар күмәнді қорытынды жасау, жасамау туралы жүз рет ойланады. Өзара сөз байласа ма? Түрмеге бірге отыру қауіпін.

Жалпы, әлемде “лицензияңды құрметтеу” деген ұғым бар. Сараптама — бұл табысы жоғары және жақсы еңбекақы төленетін орын. Ешкім беделе нұқсан келтіретін тәуекелге бармайды немесе бостандығына қауіп төндірмейді, шын айтамын.

Айтпақшы, аудиторлар, нотариустар мен бағалаушылар — өз салаларындағы сарапшылар, олар да ұзақ уақыт бойы бәсекелестік ортада жұмыс істеп келеді. Олардың жасаған қорытындылары мен қабылдаған құжаттар негізінде миллиардтар әкелетін мәмілелер жасалады. Бәрі қалыпты жұмыс істеп жатыр. Тек шарттық немесе сыбайлас жемқорлық сараптамасының тәуекелдерін азайтатын тетіктер қажет.

мың теңге. Бұл аз. Ал сот сараптамасын бәсекелестік ортаға беру институттарды бюджеттік қаржыландыру қажеттілігін азайтады.

Бәсекелестік ортаға берілгеннен кейін материалдық-техникалық база жетілдіріле ме, жоқ па, бұл даулы мәселе. Өкінішке орай, сатып алу тұрғысынан сыбайлас жемқорлықтың құрамдас бөлігі айқын байқалады. Қажет емес немесе шынымен ескірген жабдықты алдыңғы қатарлы жабдықтың бағасымен сатып алғызады. Мәселе осында.

Тағы бір маңызды аспект: сараптама жасату үшін Қазақстанда үлкен кезек қалыптасқан. Сот сараптамалары институттарында жұмыс өте көп

Сондықтан, бізге, қорғаушыларға, сараптама тағайындалған күннің өзінде “футбол” ойыны тәрізді түрлі сылтау айтылатын жағдайлар жиі кездеседі. Сұрақтар өзгереді, басқа құжаттар сұралады немесе сарапшы материалдың жеткіліксіздігіне байланысты сараптама жүргізуден бас тартады. Сараптама жүргізу мерзімі жиі бұзылады. Оны ешкім сақтамайды, ал адамдар мұндай уақытта, шартты түрде түрмеде босқа отырады.

Мемлекеттік сараптама институты жүктемесі көп болуына байланысты өз функцияларын орындай алмай отыр — бұл шындық.

Соттарда және сотқа дейінгі тергеуде миллиондаған істер жатыр. Егер әрбір оныншысына сараптама қажет болса да, айтарлықтай көп сан шығады

Аздаған сарапшыларға он мыңдаған іс. Осы жерден, мерзімінде тапсырамыз деп жанталасқанда сараптама сапасының төмендеуі мен әңгіме басында айтқандай қауіп-қатер шығады.

365info.kz

ҚАЗАҚСТАНҒА АЭС КЕРЕК ПЕ?

— Екіншіден, атом электр станцияларының салдарынан еліміздің бүкіл энергия жүйесінде үлкен қиындықтар туындайды. Атомдық энергия қондырғыларының қуаты мың немесе мың екі жүз мегаваттқа ие. Мұндай қондырғының өшуі бірден көптеген тұтынушыларды электр қуатынсыз қалдырады

және біздің жағдайымызда мұндай қуатты өз ресурстарымызбен қамтамасыз ету мүмкін емес

Біз энергияны Ресейден, Орталық Азия елдерінен және т.б. “тасуымызға” тура келеді, — деді ол.

Наурызбаев үшінші себеп “Атом мәдениетінің жоқтығы” деп атады. — Мүмкін, он жыл жұмыс істегеннен кейін АЭС жұмысын бақылай алатын өз мамандарымыздың қажетті мөлшері табылып қалатын шығар. Бірақ қазір ондай мамандар жоқ. Сонымен қатар, бір станция үшін үлкен сала құрудың қажеті шамалы. Егер елде 10-20 блок болса, онда құруға болады. Бірақ біздікіндей жағдайда емес, — деп түсіндірді ол.

Сонымен қатар, сарапшы АЭС жақтаушылардың электр энергиясының болжамды (немесе тіпті кейбір аймақтарда орын алған) тапшылығына қатысты дәлелдеріне сенбейді.

— Алдымен оны жақтаушылар цифрмен көрсетсін. Егер болжамды тапшылықтың орнын қалай жабу туралы айтатын болса,

онда бүгінгі таңда ең арзан шешім — жаңғыртылатын энергия көздері

Біз де қазір сала құрылып жатыр, қажетті мамандар бар, компаниялар да бар. Олар бір жыл ішінде күн электр станциясын сала алады. Ал атом электр станциясының құрылысы жеті-он жыл бойы салынады. Ал Қазақстандағы АЭС идеясы — үлкен шығынды талап ететін жоспар. Құны бірнеше миллиард доллар болатын бір құрылыс салынған кезде, қайтарым жүздеген миллион долларды құрайды, — деп мәлімдеді Наурызбаев.

Халық шынында қорқады. Әлеуметтанушы Тимур Айсауытов та осы пікірді қолдайды.

— Мен бұл мәселені зерттедім және мынадай қорытындыға келдім: қазіргі кезеңде Қазақстанға АЭС қажет емес, — деді ол.

Айсауытов әзірге экономиканы қолда бар ресурстар арқылы электр энергиясымен қамтамасыз ете алатынымызға сенімді. Егер қуатты кеңейту қажет болса, онда оны жаңғыртылатын энергия көздері есебінен жасауға болады. Алдағы 10-15 жылда республикаға станция қажет болмайды.

Сонымен қатар, субъективті факторлар да бар. Әлеуметтік зерттеулер көрсеткендей халық атом энергетикасына және оның төңірегіндегі барлық нәрсеге үлкен сенімсіздікпен қарайды

— Бұл қорқыныш пен үрей Семей

полигонындағы сынақтардың салдарына байланысты. Зерттеу нәтижелері бойынша азаматтардың жартысынан көбі (нақты саны есімде жоқ) атом электр станциясын салуға қарсы. Зиян өте көп”, — деді ол.

Бұл АЭС салынуы мүмкін жерді талқылаған кезде өте айқын байқалды. Маңғыстау облысында тұрғызбақшы болды — жергілікті тұрғындар үзілді-кесілді қарсы болды. Балқаш төңірегі туралы талқылаған кезде де тура сондай қарсылық байқалды.

— Ең соңында, үшіншісін айтайын.

Қазақстан кәсіби кадрлардың қажетті санын қамтамасыз ете алмайды деген күмән бар? Олар жұмысына қолдау білдіріп қана қоймай, қауіпсіздікті қамтамасыз ете алуы керек, — деді Айсауытов.

Шикізатқа тәуелділікті біз өзіміз туғызамыз

Біз шикізатқа тәуелділікті бекітеміз. Бұған дейін саясаттанушы Марат Шибұтов осы тақырыпта сөз сөйлеп, бүкіл әлем бойынша уран өндірісі көлемінің 40%-ын өндіре отырып, өзінде АЭС жоқ Қазақстандағы жағдайды “парадокс” деп атады.

— Ешқандай американдықтар біздің шикізатқа тәуелділігімізді бекітпейді, оны біз өзіміздің технофобиямызбен бекітеміз. Егер бір аптаға электр қуатын өшірсек, АЭС-тің маңыздылығын өте жақсы түсінуге болады, — деді ол сол кезде.

365info.kz



Қайсысы басым болады — пайдасы ма әлде зияны ма?

Қазақстанда атом электр станциясын салуға қатысты пікірталас бірнеше жылдан бері жалғасып келеді. АЭС туралы алғаш рет 1997 жылы айтылды. Тіпті қолайлы жер де табылды, бірақ соңында идеяны “тоқтатып тастады”. Сол арада осы мәселе бойынша қоғамда пікірлер екіге бөлінді. Сарапшылардан “АЭС салуға шынымен қажеттілік бар ма?” деп сұрадық.

Қарсылықтың үш себебі

Экономист және энергетик Әсет Наурызбаев Қазақстанда АЭС салуға үзілді-кесілді қарсылық білдірді. Ол бірден үш себебін атады:

Бірінші себеп — экономикалық жағы.

Наурызбаев әлемдегі ең қымбаты атом электр энергиясы екенін атап өтті.

ҚАЗАҚСТАН ТЕРРИТОРИЯСЫНЫҢ 80 ПАЙЫЗЫ ЖЕКЕМЕНШІККЕ ӨТУІ МҮМКІН



Мәжіліс бүгін алғашқы оқылымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» заң жобасын мақұлдады. Заң жобасы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді шетел азаматтарына сату мен жалға беруге тыйым салуды көздейді. 19 наурызда құрылған жер реформасы бойынша комиссияның кей мүшелері Қамшы порталына

ауыл шаруашылығы жерлерін Қазақстан азаматтарына да сатуға тыйым салу мәселесі тасада қалып бара жатқанына аландаушылық білдіретінін айтты.

Комиссия мүшесі, саясаттанушы Дос Көшім президент Қ.Тоқаев жерді шетелдіктерге жалға беруге, сатуға тыйым салу туралы айтып, Қазақстан азаматтарына да сатпау жайында үнсіз қалуы түсініксіз екенін, бұдан қауіп көріп отырғанын жеткізді.

– Жер реформасы бойынша екінші рет комиссия құрудың

қажетін түсінбеймін. Әрқайсысы 7-8 сағатқа созылған 2016 жылғы алғашқы комиссия отырыстарында жер мәселесіне байланысты барлығы айтылды. Халықтың талабы белгілі: жер шетелдіктерге жалға берілмесін, өз азаматтарымызға сатылмасын. Қисынға салсақ та, заңға сүйенсек те сол комиссия отырыстарының негізінде парламентте жұмыс комиссиясы құрылып, тиісті заң қабылдануы керек болатын. Бірақ олай істемеді. Енді екінші рет комиссия құрылған екен, онда алдымен қоғамды толғандырған «жер ешкімге сатылмайды, шетелдіктерге жалға берілмейді» деген екі мәселе бойынша шешім қабылдануы керек еді ғой. Неге бірі айтылды да, екіншісі тасада қалып отыр? Мені осы алаңдатады. Комиссияның екінші отырысында Алмасбек Садырбаев деген азамат «жерді қазақтарға сату керек» дегенді көтеріп, арнайы слайд ұсынды. Меніңше, бұл комиссия мүшелері мен қоғамның реакциясын тексеру әрекеті, – дейді Дос Көшім.

Саясаттанушының сөзінше, жерді Қазақстан азаматтарына сатуға рұқсат берудің артында бірнеше қауіп тұр.

– Қазір шаруаларда жерді сатып алатындай қаражат жоқ. Сондықтан

жерге қолдарын ысқылап отырған қалталылар ғана иелік ете алатын болады. Осыдан келіп жерге иелік ететін алпауыттар шығады, жер екінші сатылымға көшеді, тауарға айналады. Екіншіден, жерді өз азаматтарымызға рәсімдеп, шетел азаматтары емін-еркін пайдаланып отыруы мүмкін. Мұндай қауіп бар. Маған түрлі адамдардан осындай хабар келіп отырады. Кеше ғана Сарыағашта сондай жағдай болып жатқаны туралы хабар келді. Заң жағынан иесі қазақ, ал пайдаланып отырғандар – өзбектер. Шетелдіктер заңды айналып өту арқылы қазақ жеріне иелік ете алатын осындай жолдар көп. Сондықтан жерді өз азаматтарымызға сатуға біржола тыйым салу керек. Бұл мәселенің айтылмай қалып отырғанын халық түсінбей отырған сияқты, – дейді ол.

Комиссия мүшесі, белсенді Жәнібек Қожық та ауыл шаруашылығы жерлерін шетел азаматтарына сату мен жалға беруге тыйым салу туралы заң жобасы шетелдіктердің Қазақстан жеріне иелік ету қаупін сейілтпейді деп санайды.

Меліс СЕЙДАХМЕТОВ



1,5 МИЛЛИОН ГЕКТАРҒА ЖУЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРІ ЖЕКЕ МЕНШІККЕ БЕРІЛГЕН

Мораторийге дейін берілген жерлерге 128 сан алуан субъект иелік етіп отыр. Оның ішінде жайылым жерлер де, егістік жерлер де бар

Жеке меншікке сатылған жерлердің басым бөлігі оңтүстік облыстарда орналасқан. Бұл туралы ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров мәлімдеді, деп хабарлайды Sputnik Қазақстан тілшісі.

Министрдің айтуынша, бүгінде 1,5 миллион гектарға жуық ауыл шаруашылығы жерлері жеке меншікте. Оның барлығы мораторийге дейін берілген.

«Осы жерлерге 128 сан алуан субъект иелік етіп отыр. Олардың ішінде заңды тұлғалар да, жеке тұлғалар да бар. Жердің басым бөлігі оңтүстік облыстарда жеке меншікке алынған. Жайылым жерлері де, егістік жерлері де бар. Негізі, олардың барлығы азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін шикізат өндірумен айналысады. Біз оларды әкімдік арқылы, ғарыштық мониторинг

арқылы бақылауда ұстап отырмыз», - деді Омаров мәжілістің жалпы отырысында.

Айта кетейік, президенттің тапсырмасы бойынша арнайы заң жобасы мәжілістің қарауына енгізілді. Оған сәйкес, ауыл шаруашылығы жерлері шетелдіктерге сатылмайды және жалға берілмейді. Құжатта осы санатқа кіретін азаматтар да көрсетілген. Олар:

- шетелдіктер;
- азаматтығы жоқ адамдар;
- шетелдік заңды тұлғалардың, шетелдік қатысуы бар Қазақстан Республикасы заңды тұлғалары;
- халықаралық ұйымдар;
- халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтар;

Бұдан бөлек, қандастар азаматтық алғанша ауыл шаруашылығы жерлерін жалға ала алмайды.

Жер туралы заңның атышулы баптарына қатысты жарияланған мораторийдің мерзімі 2021 жылдың желтоқсанында аяқталады. Бүгін мәжіліс депутаттары заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.

ҚАҒАЗ ТҮБІРТЕКТЕР ӨКЕЛЕ МЕ?

Қазіргі уақытта су ресурстары-Маркетинг «ЖШС абоненттік базаға түгендеу жүргізуде. Осы ішара аясында тұтынушылармен төлем құжатын (түбіртекті) алу тәсілдері туралы қосымша келісім жасалады. Абонентке таңдау ұсынылады-қағаз немесе электрондық нұсқа. Процедура уақытты талап етеді, әлі барлық тұтынушылармен келісім-шарт жасалмаған.

Кәсіпорын виртуалды ассистенттердің (Telegram қосымшасы, сілтеме: vrn_bot) жұмысын енгізді және абоненттердің белгілі бір бөлігі оларды пайдалану ыңғайлылығын бағалады.

Сонымен қатар, қағаз түріндегі төлем құжаттары барлық абоненттерге әлі де жеткізілетінін хабарлаймыз. Проблемалар немесе сұрақтар туындаған жағдайда, бізге әлеуметтік желілерге немесе whatsapp-қа хабарласа аласыз: +77057581111.

Telegram қосымшасында қалай тіркелуге болады?

«Telegram» қосымшасына кіріп, vrn_bot іздеуді теру керек, содан кейін абоненттің тілі мен түрін таңдаңыз. Жеке тұлғаларды сәйкестендіру үшін жеке шоттың

нөмірін (сумен жабдықтау және су бұру қызметтері үшін, БТҚ-дан, тиісті бағаннан табуға болады) және үй нөмірін енгізу қажет (тек санды енгізу керек).

Тіркелгеннен кейін пайдаланушыға қол жетімді болады: ағымдағы берешек (баланс) туралы ақпарат, онлайн режимінде кәсіпорын қызметтері үшін шот төлеу, соңғы төлемдер туралы мәліметтер, есептеу құралы туралы ақпарат (Орнату күні, тексеру мерзімі және т.б.), түбіртек, көрсеткіштерді жіберу мүмкіндігі (пәтерде немесе үйде есептеу құралдары бар абоненттер үшін). Өз профилінде иесі жеке деректерді өзгерте алады.

«Виртуалды ассистент» опциясын бизнесмендер де пайдалана алады. Заңды тұлғалар үшін тіркеу Шарттың бірегей нөмірі арқылы жүргізіледі. Тіркелгеннен кейін пайдаланушы теңгерім туралы деректерге және төлем туралы ақпаратқа, алдыңғы есептік айда орындалған жұмыстар актісіне, ағымдағы жыл кезеңіне салыстырып тексеру актісіне, шарт бойынша төлем шотына қол жеткізе алады. Заңды тұлғалар сондай-ақ есепке алу құралдарының фотокөрсеткіштерін жібере алады.



УӘЛИБЕК ӘБДІРАЙЫМОВ ФОНОГРАММАМЕН ӘН АЙТАТЫНДАРДЫ СОТТАУ КЕРЕКТІГІН АЙТТЫ



ФОНОГРАММА
АЙТАТЫНДАРДЫ
СОТТАУ КЕРЕК

Ол жанды айтпайтын әншілерді соттау керек екенін айтты.

Белгілі актер, «Шаншар» әзіл-сықақ театрының директоры Уәлибек Әбдірайымов Қазақстанда концерттерге арнайы лицензия беру туралы заң қабылдау керек деп есептейді. Оның ойынша, заң жүзінде тірі дауыста ән орындалмайтын кештерге рұқсат берілмеуі қажет деп жазады nur.kz.

Уәлибек Әбдірайымов фонограмма мәселесіне қатысты ойын Qasqa Jol Youtube арнасына берген сұхбаты кезінде айтты.

Ол жанды айтпайтын әншілерді

соттау керек екенін айтты.

«Шетелде әнді минуспен айтса билет құнын шамамен 500 немесе 1000 теңгеге түсіріп тастайды. Ал плюс айтатын болса, билет саттырмайды. «Клип түсіріп, қайырымдылық концерттерде ән сал» деп шығарып салады. Егер байқатпай фонограммамен ән салсаңыз, бірнеше рет айыппұл төлетіп, үшінші рет қайталанса соттайды. Қытайда сондай. Өзбекстанда да концертке лицензия сұрайды.

Бізге солай болса мәдениет өсіп, өнерді бағалай алар едік. Ал фонограммамен айтып жүргендердің бәрін соттай салу керек. Жок, айыппұл салған тиімдірек. Сол кезде мәдениет бөліміне ақша түседі. Қоймаса, айыппұл көлемін арттырса, өзі-ақ айтпайтын болады. Сосын іріктеліп, шын әншілер қалады. Медеу Арынбаев, Асқар Жүнісбеков, Дәурен Сейітжанов, Жұбанш Жексенұлы сияқты әншілердің бағы жанады», — деген ол.

ҚАЖЫМҰҚАН МҰҢАЙТПАСОВҚА 150 ЖЫЛ



Қажы Мұқан Мұңайтпасұлы - орасан күш иесі, қазақ халқының тарихындағы тұңғыш балуан. Тұтас ғұмырын күрес өнеріне арнап, ұланғайыр жері мен өршіл халқын бірінші болып өзге жұртқа паш еткен, өзінен бұрынғы қаңдастары баспаған топырақты басып, көрмеген елді көріп, өзге қазақ тақпаған алтын, күміс медальдарды мойнына тұңғыш ілген Қажы Мұқан бабамыз.

Орасан күштің иесі, күрестің бірнеше түрінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ алыбы! Теңдессіз өнерімен жер шарын аралаған, 28 мемлекетте күреске түсіп, 56 медаль олжалаған Қажымұқандай мықты XX ғасырдың басында түркі халықтарының ішінде қазақта ғана болды.

Ресейдің балуандар тобында Қажымұқаннан күші асқан ешкім болмағанын да айтуға тиіспіз. Дүние жүзінің чемпиондары Иван Поддубный, Иван Шемякин, Алекс Аберг, Иван Заикин, Георг Лурих, Георг

Гаккеншмидт, Поль Понс, Вейланд Шульц сынды жампоздармен қатар жүру, боз кілемдегі айқастарда осы балуандарды шетінен жығып, бәйге алу — сол заманда нағыз ерлік еді. Ол кезде империяның буына семірген Ресей күресінің қожайындары қазақты шын мәнінде менсінбеуші еді. Қажымұқан сондай ортада намысын жатқа берген жок. Кеудесін ешкімге бастырмады. Күрес қожайындарының төрешілердің сан мәрте әділетсіздігіне белі бүгілмеді, еңсесі түспеді. Акын жазушылар Мұқан туралы.

Қара сөздің қадірін білетін қазақ «күш атасы» деп басқаны емес, Қажымұқанды атаған.

**ТОҚТАБЕК Айжан
Әлімбекқызы,
ОТУНШИЕВА Айтолқын
Еркиновна,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Стандарттау және сертификаттау»
кафедрасының магистр,
аға оқытушылары**

Құлахмет кәсіпқой бокстағы үшінші жеңісіне қол жеткізді, ол қазірдің өзінде екі титулдық жекпе-жек өткізіп үлгерді

Қазақстандық боксшы Тұрсынбай Құлахмет (2-0, 1 KO) бірінші орта салмақтағы WBC International чемпионы титулын сәтті қорғады, деп хабарлады Sports.kz.

Құлахмет Дубайда (БАӘ) өткен бокс кешінде Венесуэладан келген Эбер Рондонмен (20-0, 13 KO) титулдық жекпе-жек өткізді. Бұл жекпе-жек он раундқа есептелді, алайда Құлахмет бірінші раундта – 70 секундта нокаутпен жеңіске жетті, оған дейін қарсыласын нокаутқа түсірді. Тұрсынбай Құлахмет – Эбер Рондон жекпе-жегінің виде-



ҚАЗАҚ БОКСШЫСЫ ҚАРСЫЛАСЫН НЕБӘРІ 70 СЕКУНДА НОКАУТҚА ТҮСІРДІ

осын төменде көруге болады.

Осылайша, Құлахмет кәсіпқой бокстағы

үшінші жеңісіне қол жеткізді, ол қазірдің өзінде екі титулдық жекпе-жек өткізіп үлгерді. Ал Рондон кәсіпқой карьерасында алғаш рет жеңіліске ұшырады.

БЕЙТАНЫС НӨМІРДЕН АҚША АУДАРЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ SMS КЕЛСЕ, НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

«Жалған» аударымдардан қорғану үшін барлық операцияны өз банкіңіз арқылы тек ресми түрде жүргізу қажет.

«Ақшаны қате аударып жібердім» деп хабарласатын алаяқтардың қақпанына қалай түсіп қалмау қажет? Fingramota.kz азаматтарға ақша аударымдарына байланысты қаржылық алаяқтықтың жаңа түрлері туралы ескертеді

Бейтаныс нөмірден келген SMS Алаяқтар екі негізгі әдісті қолданып азаматтарды алдап оларды ақшасын алады. Біріншісі – әлеуетті құрбандардың алаңдасарлығын пайдаланып, психологиялық тұрғыдан қысым жасауға негізделген технологиялық әдіс.

Банк картаңызға белгілі бір қаражат сомасын түскені туралы SMS келеді. Қаражат сомасы аса қомақты да емес, азғантай да емес. Сіз ақшаның қайдан түсуі мүмкін екенін ойлап боламын дегенше, әлдекім сізге хабарласып, ақшаның қате аударылғанын айтады. Қолыңызда терминал болса түскен ақшаны кері қайтаруды, ал қолма-қол ақша болса қандай да бір қызметтің ақысын төлеуді немесе «телефонға ақша салуды» сұрайды.

Алаяқтар өздері жайлы және қате аударғаны жайында айтып береді. Біреулер қолындағы соңғы ақшасы екенін, біреулер жұмысынан айрылғанын айта бастайды. Бұл – назарыңызды өзіне аударуға белгісі. Расында, ешқандай да ақша аударылмаған. Ал SMS банкіңіз нөміріне ұқсас болғанмен басқа нөмірден келді. Ал шотыңызға расында да ақша түскен-түспегенін жеке кабинетіңіз бен аударымдар тарихы арқылы білуге болады.

Егер аударым рас болса ше? Алаяқтықтың екінші әдісі неғұрлым жетілдірілген. Ақша шотыңызға келіп түсті делік. Сценарий жоғарыдағыдай болуы мүмкін. Қате аударғанын, дәл қазір ақшаны қайтаруды өтінеді. Алаяқтар кейде «алаңдаушылық туғызғаны үшін» қаражаттың біраз бөлігін өздерінде қалдыруды ұсынады.

Шын мәнінде, алаяқтар тауарды сауда алаңында сатқаны үшін төлем алу мақсатында сіздің шотыңызды көрсетуі мүмкін еді. Олай болса сіз олардың айтқанына көніп, аударым жасайтын болсаңыз, ақшадан айрылып қана қоймай өзіңізге қосымша проблема тудырасыз. Ақыр соңында тауарды алмаған әлеуетті сатып алушы құқық қорғау органдарына хабарласуы мүмкін. Ал сіз ақша алушы ретінде бірінші күдікті боласыз. Қалай болған күнде де қиындыққа келіп ұрынасыз.

Бұл жерде сіз қаражат бір шоттан келіп түседі деп ойлауыңыз мүмкін, бірақ олар басқа шотқа аударуды сұрайды. Алаяқ «әйелім шатастырып алыпты» деп ақталады. «Несінен маған аударыңыз» Аударым кімнен жасалғанын білу әрдайым

мүмкін бола бермейді. Бұл «басқа банк картасы» немесе тіпті қандай да бір ұйымның шоты болуы мүмкін.

Мұндай жағдайда ерекше сақ болу қажет. Негізгі алаяқтық схемалардың бірі – үшінші тұлғаларға несие ресімдеу. Әдетте жеке деректеріңізге алаяқтар қол жеткізгенде бұл мүмкін болады. Егер оларға қаражат аударсаңыз бұл сомаға, тіпті үстіне пайызын қосып қарыз болып қаласыз. Тіпті, кімге қарыз болғаныңыз белгісіз.

Зардап шегушілер мұндай несиелер туралы әдетте төлем мерзімінің соңына қарай немесе тіпті кейде коллекторлардан біледі. Қарыздың берілгенін растау үшін алаяқ сіздің деректеріңізді көрсетеді, ал өзінің жұмыс істемейтін телефон нөмірін беруі әбден мүмкін. Сондықтан сізге еске салатын қоңыраулар келіп түспейді.

«Жалған» несиені сотқа шағымдану арқылы даулауға болады.

Екі рет төлеу Кездейсоқ аударымды өз бетімен қайтармаудың тағы бір себебі – алаяқ банктен транзакцияны тоқтатуды сұрай алады. Егер аударым қандай да бір ұйымның шотынан жүзеге асырылса, бұл тіпті де мүмкін. Сізден ақша сәл кешірек есептен шығарылуы мүмкін. Ал сіз ақшаны аударып қойдыңыз.

Банкке хабарласқанмен көмек бола қоймас. Сондықтан қате қаражат мәжбүрлі түрде сізден есептен шығарылатыны түсінікті. Сіз ақшаны басқа шотқа аудардыңыз, оны өз еркіңізбен жасадыңыз. Әрине, болған жағдайды дәлелдеуге болады, бірақ бұл қиын әрі ұзақ уақытты қажет етеді. Одан да осындай жағдайдың алдын алу қажет.

Ақшадан бас тартамын! «Жалған» аударымдардан қорғанудың негізгі әдісі – барлық операцияны тек ресми түрде және өз банкіңіз арқылы жүргізу. Картаңызға келіп түскен ақша аударымының қате екенін және бұл қаражатты пайдаланғыңыз келмейтінін жедел желі телефоны арқылы бірден хабарлауыңыз қажет. Алаяқтардың барлық «ақыл-кеңісінен» бас тартып, қайтадан банкке жіберу қажет.

Мұндай жағдайларда олар мінез-құлқын бірден өзгертіп, мысалы, сотпен қорқыта бастауы мүмкін. Бәрін ресми түрде жасасаңыз, алаңдамаңыз, сізге ешқандай қауіп төнбейді. Мүмкіндігінше тездетіп банк бөлімшесіне барып, аударымның күшін жою туралы ресми өтініш жазғаныңыз дұрыс. Кіріс нөмірі бар өтініштің көшірмесін алуды ұмытпаңыз, өйткені ол басты қорғану құжатыңыз.

Енді сізге алынған соманы шотта қалдыру ғана қалады. Ол ақшаны жұмсамаңыз, кері транзакцияны күтіңіз.

Алаяқтардың айла-шарғысына тап болмас үшін бұл туралы отбасыңызға және жақындарыңызға айтыңыз.

Меншік иесі- «ДАЙДАНА» ЖШС	Бас редактор НҮРСҰЛТАН ШӘРІПОВ	Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 30.12.1999 жылы тіркеліп, тіркеу куәлігі №1005-Г куәлігі берілген.	«Ар-ДАҚ» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, Жеке кәсіпкер «ЖК Махмұдов.К» баспаханасында басылды. Баспахананың мекен-жайы: Шымкент қаласы, Түркістан көшесі,6	Редакцияның мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абдіразақов көшесі, 3ұй
	Бас редактордың орынбасары МОМБЕК ӘБДІӘКІМҰЛЫ	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы үшін редакция жауап бермейді. «Ар-ДАҚ»-та жарияланған мақала көшіріліп басыласа,сілтеме жасалуы міндетті. Кейбір суреттер және материалдар ғаламтордан алынды		ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ 65475
	Жауапты хатшы АЙНҰР ОРАЗОВА		Беттеуші-дизайнер НҮРЗИПА БҰЙТЕНОВА	Таралу аймағы - Қазақстан Республикасы ardak.gazeta@mail.ru
				Таралым: 3000 Тапсырыс: